

Айдарбекова Л.С.
**Қазақстан Республикасындағы
шағын және орта бизнесті
дамыту жолдары**

Қазақстан Республикасының қазіргі кездегі алдына қойып отырған басты мақсаттарының бірі ол шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту болып табылады. Шағын және орта бизнесті дамыту – экономикалық өрлеудің және әлеуметтік-саяси жаңарудың басты құралы. Әсіресе жеке меншіктің нақты өмірге жүзеге асуы және орта таптың қалыптасуының материалдық негізі. Осыған орай, шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі мемлекетімізде артқан сайын еліміз көркейіп, халықтың әл-ауқаты жақсарып, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайы көркейеді. Үстіміздегі жылда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы–2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, бізде шағын және орта бизнестің 800 мыңнан астам субъектісі бар, онда 2,4 миллионнан астам қазақстандық еңбек етеді. Сонымен қатар, қазіргі еліміздің экономикалық жағдайын ескере отырып, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту маңыздылығы атап көрсетілді.

Түйін сөздер: Шағын және орта кәсіпкерлік, инновация, өнеркәсіп меншігі, халықаралық институттар, инфрокоммуникация.

Aidarbekova L.S.
**Development of small and
medium business in the Republic
of Kazakhstan**

One of the main tasks of modern, related to the development of small and medium-sized businesses. Development of small and medium-sized businesses, the main instrument of economic growth and social and political transformation. Especially in the implementation of privacy and the material basis for the formation of the middle class. In this regard, small and medium business in the country, the share of the economy is growing and prosperity of the country, to improve the welfare of the population, socio – economic situation prevailing in the country. This year the President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev «Kazakhstan's way -2050: common goal, common interests, common future» The message to the people in the past, our small and medium enterprises, which are the subject of more than 800, of which more than 2.4 million in Kazakhstan. However, given the current economic conditions, it stressed the importance of development of small and medium-sized businesses. At the same time, taking into account the real economic conditions, importance of development of small and average business was emphasized.

Key words: Small and medium business, innovation, industrial property, international agencies, information communications.

Айдарбекова Л.С.
**Развитие малого и среднего
бизнеса в Республике
Казахстан**

Одной из главных целей, которые ставит перед современной Республика Казахстан, является развитие малого и среднего предпринимательства, Развитие малого и среднего бизнеса, экономического роста и социально-политической модернизации. Создание материальной основы для формирования и реализации собственности среднего класса, особенно в реальной жизни. Чем больше в экономике доля малого и среднего бизнеса в стране и процветание страны, благосостояние народа, тем лучше социально-экономическое состояние, качество. В текущем году Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев в своем Послании народу Казахстана «Казахстанский путь–2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» отметил, что у нас 800 тысяч субъектов малого и среднего бизнеса, в котором работают 2,4 миллиона казахстанцев. Кроме того, с учетом современного экономического положения страны была отмечена важность развития малого и среднего предпринимательства.

Ключевые слова: малый и средний бизнес, инновационные, промышленная собственность, международные учреждения, инфрокоммуникация.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА
БИЗНЕСТІ ДАМУ
ЖОЛДАРЫ**

Қазақстан Республикасының қазіргі кездегі алдына қойып отырған басты мақсаттарының бірі ол шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту болып табылады. Шағын және орта бизнесті дамыту – экономикалық өрлеудің және әлеуметтік-саяси жаңарудың басты құралы. Әсіресе, жекеменшіктің нақты өмірге жүзеге асуы және орта таптың қалыптасуының материалдық негізі. Осыған орай шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі мемлекетімізде артқан сайын еліміз көркейіп, халықтың әл-ауқаты жақсарып, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайы көркейеді. Үстіміздегі жылда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы–2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей [1], бізде шағын және орта бизнестің 800 мыңнан астам субъектісі бар, онда 2,4 миллионнан астам қазақстандық еңбек етеді. Бұл сектордағы өнім көлемі төрт жылда 1,6 есе өсті және 8,3 млрд. теңгені құрап отыр. Қазақстан 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда, 12 орынға алға жылжып Дүниежүзілік Банк нұсқасы бойынша бизнесті ашу мен жүргізудің оңайлығы рейтингінде 183 елдің арасынан 49 орынға ие болды. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнестің ЖІӨ-де алатын үлесі – 20%. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының мәліметтеріне сүйенсек, әлемдік экономикада тек шағын кәсіпорындардың саны барлық кәсіпорындардың жалпы санының 95%-нан асады. Олардың ЖІӨ-дегі үлесі 50%-ға дейін жетеді.

Дамыған мемлекеттердегі шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі мысалы, Жапонияда 55%, Ұлыбританияда – 52%, Германияда – 57%, Италияда – 55%. Салыстырмалы сараптама Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерліктің макроэкономикалық көрсеткіште үлесінің өте аз екенін көрсетеді. Оны 50 пайызға жеткізу үстіміздегі ғасырдың елуінші жылдарында қол жеткізу болжанып отырғаны белгілі. Сол мақсатқа жету үшін мәңгілік сұрақ – не істеу қажет? Шағын және кәсіпкерлікті дамытудың қандай жолдары мен тетіктері бар? Қандай экономикалық, әлеуметтік, саяси және психологиялық кедергілері бар? Бірінші кезекте шағын және орта бизнестегі кәсіпкердің кім екенін, оның қоғамда атқаратын қызметі мен маңызын жалпы халыққа түсінікті тілмен насихат түсініктеме жүргізу қажет.

Экономика теориясында келтірілетін кәсіпкерге берілетін анықтамаларға қысқа шолу жасайық. Кәсіпкерліктің негізін қалаған экономист және банкир Р.Кантильон кәсіпкер бұл анықталмаған жағдайда, өзінің қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында шешім қабылдайтын адам, саяси экономия классигі А. Смит кәсіпкер-өнеркәсіпті меншіктенуші және коммерциялық тәуекелділікпен байланысты іс-әрекет деп анықтама берсе [2], Ф.Уокер, И. Фон Тюнен, А.Азрилян және т.б экономистер кәсіпкерлікті пайда табумен байланыстырады. Аты экономика тарихында белгілі көптеген экономистер кәсіпкерді тиімділік және үнемділікпен (М. Вебер), инновациялық іс-әрекетпен (И. Шумпетер), менеджментпен (Ф. Найт), адамның психологиясымен (Дж. Кейнс) байланыстырып, қарастырады. Қазақстан Республикасының заңдарында кәсіпкерлік – бұл дербес, өзінің мүлігін пайдаланып, жүйелі пайда алу мақсатында жүргізілетін тәуекелділікпен байланысты қызмет екені айтылса, экономистеріміз оның тәуекелділігі мен алатын табысына байланысты анықтама береді [3].

Қоғамымызды реформалаудың қол жеткен қомақты табыстарының бірі- орта таптың қалыптасуы болып табылады. Осы орта топтың қалыптасуы, негізінен, орта және шағын бизнестің дамуымен тікелей байланысты. Шағын және орта бизнесті дамытпай, нарықтық экономиканы қалыптастыру мүмкін емес. Өйткені, бұл – нарықтық қатынастарды алға жетелеуші буын. Нарықтық экономика элементтерін енгізудің әрекеттері монополияландырылған ортаның қарсылығына тап болуда. Ал монополизмге қарсы күресудің тиімді жолдардың бірі- шағын және орта бизнесті дамыту. Шағын бизнестің өзіндік артықшылықтары да бар. Оларға: Сыртқы экономикалық факторлардың өзгеруіне тез – бейімділігі; Шағын инновациялық бизнес бір салада тоқтап қалмай, – экономиканың барлық сферасын қамтиды; Шағын бизнес ірі компанияларға қарағанда ғылыми-техникалық зерттеулер нәтижелерін инновацияларды өнеркәсіпке жылдамырақ енгізеді; Халықты жұмыспен қамту және жұмыссыздық мәселесін шешу; Тұрмыс деңгейін жоғары болуын қамтамасыз ету; Адамның өмірге тың сеніммен қарауының мүмкіндіктерін арттыру.

Біздің пікіріміз бойынша, келтірілген және басқа анықтамаларда кәсіпкердің басты қызметі – тауар өндіру мен оны сату арқылы халыққа көрсететін қызметін елемей немесе көп көңіл бөлмей отырған сияқтымыз. Бүгінгі таңда кез келген тәулік уақытында қалаған тауар мен қыз-

метті пайдаланып, қажеттілігімізді қанағаттандыра аламыз. Кешегі Кеңес кезінде тауар тапшылығы, ұзақ тұратын кезек бүгінде жоқ және оны экономика тарихы тез ұмытты. Болған экономикалық-әлеуметтік келеңсіздердің жоюуылуына себеп болған негізгі факторлардың бірі – мемлекетіміздегі кәсіпкерлердің көрсеткен қызметі. Сондықтан, халықтың санасына кәсіпкерді – өзінің қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында, тәуекелділік пен тынымсыз еңбек арқылы халыққа қызмет атқаратын экономикалық адам деген ұғымды енгізу қажет. Көптеген елдердің тәжірибесінде шағын кәсіпкерлікті қолдау, белгілі Министрліктердің құрамына кіретін, арнайы Департаменттермен байланыстырылады. Мысалы, Германия және Голландия экономика Министрлігінде шағын және орта бизнестің арнайы бөлімдері бар, Францияда осындай бөлім өнеркәсіп Министрлігінде. Канада да шағын дамыту саясатын өнеркәсіп, ғылым және технология Министрлігінің Департаменті, Италияда – өнеркәсіп, коммерция, сауда және кәсіптер Министрлігінің жанындағы бөлім жүзеге асырады. Францияда шағын кәсіпкерлікті реттеу саясатын бірнеше ұйымдар жүзеге асырады: шағын және орта кәсіпкерлік Конфедерациясы, Сауда және өнеркәсіптік палаталар, қызметін жаңадан бастаған және дамушы кәсіпкерліктердің ұлттық агенттігі, техникалық зерттеулердің ұлттық агенттігі, Қаржы институттары және тағы басқалар. Шағын және орта бизнесті дамыту үшін сұранысты ынталандыру өте маңызды. Өкінішке қарай, сұраныс біздің елімізде өте баю немесе кейінгі бес жылда тіптен көтерілмей отыр. Сұраныс төмен болғандықтан, кәсіпкерлер өздерінің шығынын жабу және пайда табу үшін амалсыз бағаларын көтеруде, екінші жағынан халықтың таза табысы төмендеп отыр. Бұл мәселені, яғни қажет тауарлар бағасының жоғарылығы мен табыстың төмендігін жоғарыда аталған Нұр Отан партиясы жүргізген сауалнамаға қатысқан адамдардың 46 және 40 пайызы белгілеген. Енді шағын және орта бизнестің келешегі қандай, оны үшінші индустриялық революция жағдайында не күтіп тұр деген сұрақ төңірегінде ой қозғап, қағидасын қарастырайық.

Қазақстан Республикасының белгілі және белді экономистерінің бірі О.Сабденнің сараптауы бойынша, дүниежүзіндегі мемлекеттер нарық экономикасынан постиндустриалдық дамудың инновациялық экономика кезеңіне өтіп жатыр. Мұның өзі 21 ғасырдағы экономикалық өсу және оның жоғары сапаға көтерілуі білім мен ғылымда жаңа сананың қалыптасуын, со-

нымен қатар инновациялық үрдістердің, жаңа технологиялардың, жаңа өнімдер мен қызмет көрсетулердің үлесінің және атқаратын экономикадағы қызметінің өсетінін көрсетеді. Осы орайда ұлттық экономиканың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруда инновациялық фактордың маңыздылығы зор. Инновация мәселесін қарастырған және теориялық негізін салған Н.Д. Кондратьев, Й. Шумпетер, С. Кузнец және басқа экономистер оны кәсіпкерлікпен тығыз байланыстырып қарастырған.

Бүгінгі таңда дүниежүзілік жаһандану кезеңінде еліміз Қазақстанның үрдістен кенже қалмауы үшін Президентіміз индустриалдық-инновациялық бағыттағы дамудың 7 басты бағытын көрсеткені мәлім. Олар – АӨК, металлургия, мұнай өңдеу, энергетика, химия мен фармацевтика, өндіріс индустриясы, көлік және инфрокommunikация. Кез келген осы экономикалық бағыттарда шағын және орта кәсіпкерліктің алатын орны орасан. Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің деректері бойынша өкінішке орай жаңа пайда болып жатқан кәсіпкерліктің саны аз және негізінен 5 адамға ғана жететін кәсіпорындар ашылған. Жалпы 2013 жылы ашылған кәсіпорындардың жалпы саны 747 болса, оның ішінде 5 адамға дейін еңбекшілер бар кәсіпорын 438 (58,6%), 10 адамға дейін 135 (18), 11-20 адамға дейін-60 (8). Дегенмен, дүниежүзілік нарықта кез келген осы бағыттарда дамыған мемлекеттер біздің кәсіпкерлерге оңай орын бере қоймайды. Сондықтан дүниежүзілік халықаралық еңбек бөлінісінде мемлекеттің қолдауы болмаса, шағын кәсіпкерлікті айтпағанда орта бизнестің ойып орын алатыны өте қиын. Біздің пікіріміз бойынша, мемлекет орта және шағын бизнесті дамытудың басты екі шарасын жүзеге асыруы тиіс. Біріншісі мемлекеттік тапсырыс және мемлекеттік қамтамасыздандыру болса, екінші жол – қабілеті бар сұранысты ынталандыру. Ішкі сұраныс өте аз. 100 жылдың ішінде халықтың өскен саны. Тұрар Рысқұловтың мәліметі бойынша, өткен ғасырдың 20 жылдарында Қазақстан халқының жалпы саны 6553600 адам, оның ішінде ауыл тұрғындарының үлесі 92%, қала тұрғындары 8%, олардың өзі ауыл шаруашылығымен айналысқан. Ал 2014 жылдың 1 қарашадағы Қазақстан халқының саны 17 377,8 мың адам, яғни бір ғасырға жуық аралықта еліміздің халқы не бәрі 10 844,2 мың адамға өскен. Ал орташа айлық жалақы 2014 жылдың қазан айында 118 884 теңге болды. Шағын кәсіпкерлік үлгі экономикалық даму үшін негізгі фактор және экономикалық өсудің шегі болып табылады.

Жоғарыда аталған шағын өндірістік кәсіпкерліктің ерекшеліктеріне сәйкес мемлекет кәсіпкерлік белсенділікті ынталандырудың жеткілікті тиімді және икемді әдістерін табуы қажет. Белсенді мемлекеттік қолдау ауылдық кәсіпкерліктің тұрақты дамуына ынталандырады.

Қазақстанда соңғы кездері шағын кәсіпкерлікті дамыту мынадай негізгі себептер бойынша көкейтесті қажеттіліктерден тұрады:

– біріншіден, қала және ауылдық баламасыз алмасуы және еңбекке ақының төмен болуынан ауыл тұрғындары жеке шаруашылықтарды дамытуға белсенді араласты. Елді жеке қосалқы және шаруа қожалықтары ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемінің жартысын өндіреді. Бірақ та жеке сектор өзінің өнімдерін өткізуде қажетті тәжірибелерді білмейді. Сонымен бірге, жеке кәсіпкерлердің техникалық қызмет көрсетуде күрделі техника және құрал-жабдықтарды пайдалана алмауы және өндірістің қазіргі жетілген технологияларын енгізуде қажеттіліктері артты. Өнімді өткізу және бұл қызметтерді көрсету шағын кәсіпкерлік құрылымдарының ауыл шаруашылық кооперативтері, акционерлік қоғам және серіктестіктер түріндегі қызметтерінің жүйесі болуы мүмкін;

– екіншіден, ауылда ауыл шаруашылық өнімдердің қысқаруынан жұмыссыздар саны артуда. Жұмыссыздықтың саны бюджеттік мекемелерден қысқарғандармен және ауылды жерлерге қоныстанған алыс шетелден келген оралмандармен артып отыр. Ауылда жұмыссыздықты азайтудың басты себебі – шағын кәсіпкерлікті дамыту болып табылады;

– үшіншіден, жеке кәсіпкерліктің ең негізгі бағытының бірі, ауылдық қолөнерді ояту болып табылады, ал мемлекет дамытуды өз қолына алуы қажет. Қолөнерді дамыту әлеуметтік-экономикалық кедейліктің орнын толтыруға, экономиканы қайта құруға негізделеді. Қолөнер экономикалық дағдарыс кезінде экономикалық өсудің бастамасы бола алады және қоғамда орта кластың алғашқы капиталдарын жинақтауға қабілеттенеді. Неміс экономистері дәлелдегендей, қолөнершілік Германияның соғыстан кейінгі дағдарыстан шығуының бірден-бір себебі болып табылады. Қолөнер класын қалыптастыру халықтың салт-дәстүрін жаңғыртуы мүмкін, жаңа жұмыс орындары ашылады, адамдардың басым бөлігі нарықты экономиканың шарттарына бейімделе түседі;

– төртіншіден, ауылда тұрмыстық қызмет көрсетудің қалыс қалуы, ауылда тұтыну кооперативтерінің дүкендері жабылды, мәдени және

коммуналдық қызмет көрсету салалары өздерінің қызметтерін тоқтатты. Бұл да шағын кәсіпкерлік қызметтерінің аса маңызды жүйесі.

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың күрделі жүйелерін талдаудың негізінде біз мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың кәсіпкерлікті қолдау жүйесіндегі өзара байланыстарын байқаймыз. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымын дамытуда өнеркәсіпте, саудада, құрылыста, көлік шаруашылығында, жалпы алғанда экономиканың барлық секторларын жандандыру, халықтың қолөнері, туризмді дамыту шараларын әзірлеу және жүзеге асыру маңызды орында болуы тиіс.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі екі мәселесін қарастыруға болады. Бі-

рінші – қалыптастыру көп деңгейлі жүйесін кешенді шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау қол жеткізуін қамтамасыз ететін оның субъектілерінің өндірістік-технологиялық, қаржылық, еңбек және ақпараттық ресурстары үшін құру қажет, муниципалдық немесе ауданаралық қорлардың, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау барысында, соның ішінде кепілдік ұйым ретінде кешенді объектілерін өңіраралық және муниципалдық инфрақұрылымдарды агенттіктердің шағын және орта кәсіпкерлікті, бизнес-инкубаторлардың, консультациялық пункттерге және т.б. қолдау көрсету. Екінші – оң өзгерістерге қол жеткізуге сандық, сапалық және құрылымдық көрсеткіштерін шағын және орта кәсіпкерлік нәтижесімен анықтау.

Әдебиеттер

- 1 Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы–2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 17 қаңтар 2014 ж. [1].
- 2 Казиева Р.К. Основы бизнеса: учебник. – Астана: Фолиант, 2008. – 368 с.; Арустамов Э.А. Организация предпринимательской деятельности: учеб. пособие для студ. Вузов / Э.А. Арустамов, А.Н. Пахомкин, Т.П. Мирофанова.
- 3 Мировая экономика и международные экономические отношения: учеб. пособие для студ. Вузов / С.Ф. Сутырин. – М.: ЭКСМО, 2010. – 310 с. [3].

References

- 1 N.A. Nazarbaev «Kazakhstan line – 2050: one aim, one interest, one the future having» a horse Kazakhstan people directs // sovereign Kazakhstan, 17 January 2014 .[1].
- 2 Kazieva RK Business Basics: uchebnik. – Astana Tome, 2008. – 368 s.; Arustamov E.A. Organization of business: Textbook. benefits for students. High schools / E.A. Arustamov, A.N. Pahomkin, T.P. Mirofanova. [2].
- 3 The world economy and international economic relations: Textbooks for students. Universities / S.F. Sutyurin. – М.: Eksmo, 2010. – 310 с. [3] .